

*Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына:*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ-  
ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ЕУРАЗИЯ ОДАҒЫ» ТУРАЛЫ  
БАСТАМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ**

XX ғасырдың соңындағы Кеңес Одағының тарауы бұл үлкен мемлекеттік бірлестіктің құрамында болып келген одақтас республикалардың, олардың тұрғындарының алдына күрделі мәселелерді қойғандығы белгілі. Аталған республикалар бірінен соң бірі өздерінің егемендіктерін жариялады. Алайда ұзақ уақыт бойы казармалық социализм талаптарына сай дүниежүзілік саяси, экономикалық дамудың озық жолынан ажырап қалған олардың әлемдік саяси қауымдастық пен нарыққа жекелей енуі мүмкін болмаған еді. Мұндай жағдай Кеңес Одағы тарар алдындағы әсіресе экономикалық, әлеуметтік дамуда, тағы да басқа салалардың барлығында құлдырауға ұшыраған, осының негізінде халық тұрмысы еселеп нашарлаған жаңа мемлекеттердің алдына бұл дағдарыстан шығудың жолын қысқа мерзімде табуды басты міндет етіп қойды. Ал оның жауабы бұрынғы одақтас республикалардың жаңа экономикалық бірлестікке енуі, осы арқылы дағдарысты тоқтатып, әлемдік нарық талаптарына сай өркендеуді қамтамасыз етуі екендігі айғақтала түсті.

Міне, осындай жағдайда 1991 жылдың соңында ТМД өмірге келді. Алайда Ынтымақтастық елдерінің бірлескен қызметтері бастапқы күннен өтпелі кезең сұраныстарына жауап бере алмады. Ең бастысы, Достастық құрамындағы мемлекеттер тұрғындарының тұрээкономикалық күйзеліс одан ары тереңдей түсті. Өнеркәсіп орындары жедел қарқынмен тоқтай бастады. Мұндай кері жағдайлар халық шаруашылығының барлық салаларында орын алды. Бұлардың негізіндегі елдердегі ішкі және сыртқы демографиялық ахуал, көші-қон мәселесі күрделенді.

Осы уақыттағы ТМД мемлекеттеріндегі осындай жағдайды жіті қадағалап отырған батыс сарапшылары: «Сонымен қатар, Ресей қазіргі жағдайында оның стратегиялық мүдде аймақтарына енетін мемлекеттердің және олардың экономикасын инвестициялау мен нақты интеграциялық бастауларға негіз болатын ТМД шеңберіндегі экономикалық даму үлгісін көрсете алмауда»[1],-деп жазды.

Үздіксіз өсе түскен тоқырау ТМД елдері тұрғындарының арасындағы наразылықтар көлемін арттыра түсті. Соның ішіндегі алаңдатарлығы республикалардағы ұлт-аралық қатынас та шиеленісе түсті. Ал мұның барлығы ТМД-ның алдына үлкен мәселелер қойды, алайда, күн өткен сайын оның шешімін табу қиындыққа айналды. Ал мұның өзі достастық елдері жетекшілерінің алдына үлкен жаңа міндеттер қойды. Қалыптасып отырған ахуал оны шешуді жылдамдату талап етті.

Міне, осылардан барып, Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттер арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың әлемдік тәжірибесін зерттей және талдау жасай келе, дағдарыстан шығудың бірден-бір жолы- орын алған мұндай қарама-қайшылықтардың алдын алып, күн талабынан шыға алатын Жаңа Экономикалық Одақты негіздеу туралы өзінің бастамасын көтерді. Оған “Еуразия Одағы” деген атау берді.

ТМД-дағы сол мерзімдегі тереңдей түскен осындай қалыптасқан осындай жағдайдайларды саралай келе Н.Ә.Назарбаев: «ТМД-ның жекелеген басшыларының таяудағы сөздерінен кейбіреулердің Ынтымақтастыққа деген бұрынғы қалыптасқан көзқарастарын өзгерте бастағандығын, тіпті жағымсыз пікірді ұстай бастағандықтарын білдіреді. Алайда өзгерістің басты бейнесі-уақыт өтеді, ал жақсылыққа ештеңе әкелмейтін бос күтуді адамдар бізге кешірмейді. Сондықтан да әрқашан тиімді ынтымақтастық жүргізіп келген Қазақстан және қазір де одан бас тартпай отыра, бүгінгі ТМД-дағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған даму жолдарын іздестіре бастады»[2],-деген қорытынды жасады..

Сол мерзімдегі британдық ресми деректегі «Сарапшылар ТМД шеңберіндегі кездесіп отырған экономикалық мәселелер Достастыққа бірігіп отырған кейбір елдердің интеграциялық ықпалдастық шараларының тиімсіздігін атап өтеді. ... Олардың пікірі бойынша, осындай және тағы да басқа күрделі жағдайлардан шығу жолында атқарылған қадамдары арқылы ТМД өзінің дамуының сынды кезеңіне аяқ басты» [3],-деген мәлімдеме де нақты ТМД-ға мүше мемлекеттердің нақты жағдайын айқындай түсті.

Соңы терең дағдарыстарға ұласа бастаған қарама-қайшылықтардан жекелеп шығу мақсатында Бұрынғы Кеңес Одағы аймағындағы тәуелсіздігін алған мемлекеттер енді Батыс, Шығыстың дамыған елдерімен жеке қатынастар орнатуға ұмтылды. Осы тұрғыда Н.Ә.Назарбаев: ”... Әлем әр алуанданған сайын бір орталыққа бағынбай, көп орталықтар пайда бола бастады. Көп орталықты дүние орнады. Бұл құбылыстарға түсу Қазақстанның сыртқы саясатын жаңа қағидаларға негіздей құру міндетін туғызып отыр. Ең алдымен кешегі кеңестік кеңістікті “югославияландыруға” дәстүрлі экономикалық байланыстардың үзілуіне байланысты жаңа мемлекеттерді экономикалық тұрғыдан күйретуге жол бермеуге күш салуға тура келді. Бұл мәселені шешу үшін мен тек ТМД басшылығымен ғана емес, алыс шетелдер жетекшілерімен әр сипатты қатынастар орнатуға ұмтылдым. Тоқсаныншы жылдардың басында бұқаралық ақпарат құралдары шетелдермен белсенді жұмыс жасағаным үшін мені біраз сынап та көрді. “Қырғи қабақ соғыс” аяқталып, екі дүние тай-таласы тоқталар тұстағы аса қиын кезеңде Қазақстанның тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін осындай

жұмыс жүргізбей болмайтын еді. Мұндай аса зор құбылыстардың шын ауқымы мен шын салдарларын бәлкім, әзір анық саралап шыға алмаспыз. Алайда, дүниенің атымен өзгеріп кеткені рас. Халықаралық қатынастың түбірімен өзгеше жүйесі қалыптасып келеді. Ол жаңа мүмкіндіктермен қоса жаңа қауіп те туғызды. Қазақстан Ауғанстан, Тәжікстан, Кавказ сынды аса қауіпті аймақтардың қоршауында орналасқан. Бізге ТМД елдерінің басқа аймақтары да өз әсерін тигізуі ықтимал. Оның бәрі біздің реформамызға айта қаларлықтай қиындықтар келтіретіндігі белгілі”[4. 119-120],-деп жазды.

Яғни, күн өткен сайын әлсірей түскен халық тұрмысы, олардың жаңа егемен мемлекеттердің жүргізіп отырған экономикалық саясаттарына қанағаттанбауларына ұласа бастады. Жекелеген кеңестік биліктен кейінгі республикалардағы осы мерзімдегі орын алған ақыры ауыр зардаптарға, қарама-қайшылықтар негізіндегі құлдыруға бөлшектенуге, кең көлемдегі азамат соғыстарына апарулары мүмкін жаппай дағдарыстың тереңдей түсуі де барша ТМД елдерін алаңдатты. Жағдайдың алдын алмағанда мұндай құбылыс арты бұл өңірдің әлемдік қуатты капиталистік мемлекеттердің шикізат өндіруге негізделген тәуелді аймақтарына өтуі қауіпін тудырар еді.

Осыған бірлесе қарсылық көрсету, дүниежүзілік нарық талаптарына сай экономиканы жолға қою, келісілген өндірісті жүргізу, тауар алмасу, тағы да басқа саяси, шаруашылықтық, әлеуметтік, қорғаныстық мәселелерді бірлесе шешу болашақ тығыз одақтың міндетіне айналуы тиіс болды.

Кері жағдайдың белең алуы ТМД шеңберіндегі елдер саясаткерлері, ғалымдар, интеллигенция өкілдерін, ел болашағына мүдделі барша тұрғындарды алаңдата бастады. Мұның алдын алу, дағдарысты өз күштерімен тоқтату жолындағы бірлескен мемлекеттік шаралар толығынан нәтижесін бермеді. Нақты ахуал аталған ынтымақтастыққа мүше мемлекеттер басшылығының одан шығудың тың жолдарын іздестіруге мәжбүрледі. Британдық «Файнэншл Таймс» газеті бұл жауапты да сынды кезеңдегі Қазақстан жетекшісі Н.Ә.Назарбаевтың: «Егер де экономикалық даму болмайтын болса, біртұтас экономикалық аймақтың болуы да мүмкін емес»[5],-деген мәлімдемесін жариялай отыра, ТМД ішіндегі орын алып отырған осындай терең дағдарысқа, оның дүниежүзілік деңгейдегі мүмкін болар зардаптарына әлем жұртшылығының назарын аударды.

Осындай жағдайдайларға байланысты Қазақстан басшысының «1994 жылдың наурызында Мемлекеттердің Еуразиялық Одағын құру туралы Еуразиялық бастама алғаш рет тезистік негізде 1994 жылдың 22 наурызында Ұлыбританияға сапар кезінде айтылды. Қазақстан Республикасының Президенті Корольдық ... халықаралық институтында сөз сөйлеп, кеңестік жүйеден кейінгі даму екі бағытта айқындалады: бірінші бағытта – ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы, келесіде-ынтымақтасудың қажеттілігі. Сондықтан да аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтаматыз ету мақсатында нақты іс жүзінде жұмыс істейтін “мемлекеттердің одағын” құру

кажет болды. Лондонда алғаш рет алғаш рет осындай мемлекетаралық бірлестіктің “Еуро-Азиялық Одағы ” деген анықтамалығы ұсынылды және осылай деп аталды.

Бір аптадан кейін, 1994 жылдың 29 наурызында Ресей Федерациясына ресми сапар деңгейінде М.В.Ломоносов атындағы ММУ-де дәріс оқылып, онда Қазақстан Президенті “қазіргі тәуелсіздік жағдайында барлығының құқықтарының теңдігін тани, және әр мемлекеттің егемендігі мен тәуелсіздіктерін сипай отыра, мүлдем жаңа бірлестікті құруға болар еді” деп көрсетті. ... Сонымен бірге “ешқандай да ескі Одақ” қалпына келтірілмейді. Ешқандай да империя пайда болмайтындығы” ескертілді. [6.15-16]

Қазақстан жетекшісі жаңа экономикалық одақтың болашақтағы ТМД шеңберінен шығып, оған Еуразия аңғарында ораласқан басқа мемлекеттердің де қосылуға мүмкіндігі бар екендігіне назар аударды. Одақтың әрбір мүшесінің міндеттерін көрсете келе, ондағы Қазақстанның алар орнына тоқтады.«Қазақстан маңызды геосаясаттық жағдайға ие. Азия мен Еуропаның,-деп көрсетті ол,- арасындағы көпір ретінде республика екі құрлықтың халықтарын жақындастыруға барлығын жасауға ұмтылады. Бұл мәселені шешуге жағдайдың барлығы бар.

Қазақстан сонымен бірге Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын нығайтуға да ұмтылады. Мен бұрынғы Кеңес Одағы аталған кеңістіктегі экономикалық байланыстар мен рухани бағалықты, аймақтағы барлық стратегиялық мақсаттарды сақтауға барлық мүмкіндіктерді пайдаланып келемін. ...

Азиялық аймақтағы біздің саясатымызға келетін болсақ, біз экономикалық ынтымақтастыққа, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға, ал соңғы қорытындысында Азия құрлығындағы қауіпті аймақтардағы ұлттық қақтығыстарды шешуге баса назар аударамыз. Жылдам дамушы халықтары алаңдаушылық білдіріп отырған тағы да басқа ауқымды мәселелерді шешуден тыс қала алмаймыз. Бұл жаңа экономикалық дамуды қалыптастыру, халық шаруашылығын интеграциялау, ғылымды дамыту мәселесі, атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану»[7].

Н.Ә.Назарбаевтың бұл тың ұсынысы туралы ресейлік мұрағат құжаттарында “Биылғы жылдың 27-30 наурызында Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Мәскеуге ресми сапары болды. Келісімдердің қорытындысында 23 келісім жасалды. Президенттер арасында әскери саладағы ынтымақтастық, туралы келісімге қол қойылды, “Байқоңыр” космодромындағы нысандарды пайдалану және жалға алудың шарттары на арналған келісім, экономикалық ынтымақтастықты одан ары тереңдету туралы келісім, Ресей мен Қазақстан азаматтарының азаматтығы және құқықтық статустарына байланысты негізгі талаптарды шешуге арналған меморандумға қол қойды...

Ресей Федерациясы Президентімен, сонымен бірге ММУ-де сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті ТМД-ның орнына бұрынғы кеңестік республикаларды біріктіретін “Еуразиялық Одақ” (ЕАО) құру туралы ұсыныс жасады.

Н.Ә.Назарбаев қызмет істеп тұрған ТМД-ны нақты Достастық деп атау қиын, оның жекелеген мүшелері бір-бірімен ашық соғыс жағдайында, келесілері өзара жасырын экономикалық соғыс жүргізіп келеді. Көптеген негізгі шешімдер ТМД-ның мемлекет және үкімет басшылары тарапынан орындалмайды.

... ТМД елдері басшыларының қолында бүгінгі күні Достастық шеңберіндегі бірлескен әрекет жасаудың тетігі жоқ. Ортақ мәселелерді шешудегі ортақ қадамдарды негіздеудің қажеттігі туып келеді”[8]-деген мәліметтер келтіріліп, Қазақстан Президентінің бастамалары жарияланған..

Қазақстан Республикасының Президентінің жетекшілігімен дайындалған “Мемлекеттердің Еуразиялық Одағын құру” жобасы 1994 жылдың 3 маусымында ТМД-ға қатысушы мемлекеттер жетекшілеріне жіберілді, 6 маусымда қазақстандық, ал 8 маусымда ресейлік басылымдарда жарияланды. ... Н.Ә.Назарбаев “Жаңа ынтымақтастық бірлестікке”: ЕАО-әрбір мемлекет-қатысушының ұлттық-мемлекеттік мүдделерін және де бірлескен интеграциялық қуаттарын іске асыруға арналған одақ. ЕАО егемен мемлекеттердің ынтымақтастығының түрі” деген анықтама берді”[6.17].

Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы елшісі В.И. Долгов өзінің 1994 жылдың 14 қазанындағы Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевпен өткізген кездесуінде Еуразия Одағы мәселесі көтерілгенін айта келе: “Н.Назарбаев өзінің Еуразия Одағын (ЕАО) құру туралы белгілі бастамасын көтерді. Президенттің сөзі бойынша ол Ресейдің қолдауын есепке алады және де “ТМД елдерінің бір бөлегінің Одаққа бірден кірмейтіндігінен ешқандай қорқыныш жоқ, алайда экономикалық ынтымақтастықсыз ұзаққа кете алмайды”.

Президент өзінің ЕАО құру туралы бастамасынан қайтпайтындығын, себебі оның іске асуының қажеттігіне сенетіндігі туралы мәлімдеме жасады.

Президент Н.Ә.Назарбаев ТМД - ның Мәскеу саммиті қорытындыларына өзінің үлкен қанағаттанушылығын білдірді, мемлекеттер аралық экономикалық комитетті (МЭК) құру туралы шешім Ынтымақтастықтағы интеграциялық құбылыстарды дамытудағы алғашқы нақты қадам екендігін атап көрсетті. Оның өзінің Еуразиялық Одақ құру жолындағы бастамасымен үндес екендігін көрсетті”[9],-деп жазды.

Осы жылдың аяғынан Н.Назарбаевтың жаңа ұсынысы ТМД мемлекеттері, тағы да басқа шетелдік қоғамдық ұйымдарында, ақпараттық ортада талқылана бастады. Осындай талқылаудың алғашқысында: «1994 жылдың 28

желтоқсанында Мәскеу қаласында Беларусь, Қазақстан, Ресей, Украина және тағы да басқа мемлекеттер азаматтарының бұрынғы кеңес республикалары арасындағы ынтымақтастықтың жаңа жолдарын іздестіру жолдарына арналған «Четыре плюс все» деген атумен Халықаралық конгресі өткізілді, ... Ондағы өндірісті ұйымдастырушылар және кәсіпкерлер Одағы халықаралық конгресінің Төраға-ұйымдастырушысы А.Вольский негізгі баяндама жасап, Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Еуразия Одағын негіздеу туралы жобасы кеңестік дәуірден кейінгі мемлекеттердің неғұрлым тығыз интеграциялық қатынастарға түсуінің неғұрлым тиімді түрі болып табылады деп көрсетті. Көптеген сөйлеушілер экономикалық мүдделілік өзінен-өзі жаңа интеграциялық процесстерге апарады. ТМД мемлекеттері азаматтық, қоғамдық, саяси күштерінің үміттері ақталмады, олар жекеленген саясаттың зияндылығын барынша анық сезіне бастады. Осы жылдар мерзімінде басылмай келе жатқан интеграциялық ұсыныстар жеклеген фанаттардың инерциялық ойларының нәтижесі емес, керісінше халықтардың жаппай танымы болып табылады. бұған ЕАО туралы жобаның кеңестік жүйеден кейінгі аймақта барынша қолдау табуы дәлел бола алады» [10], - деп жазылды.

Алайда бұл ұсыныс ТМД елдерінің барлығында бірден қолдау таба қоймады. Әсіресе Ресей Федерациясы тарапынан оның іске асуына асықпау туралы ойлар айтыла бастады. Мысалы Ресей Президентінің Б.Ельциннің Н.Ә.Назарбаевқа жазған хатында: «Сіздің Еуразия Одағын құру мәселесіне арналған ұсыныстарыңызбен қызығушылықпен танысып шықтым.

Мемлекеттердің егемендігін сақтай отыра және толық еріктілік негізінде бірігуге бару қажеттігіне келісемін. Бұл уақыттың өзінің талабы. Интеграция терең жүргілуі тұрғысындағы бағыт алуы және барлық салаларды: экономиканы, саясатты, ғылымды, әскери істі, экологияны, әлеуметтік салаларды қамтуы керек. Мүмкін ұлттардан жоғары тұратын басқару жүйесін де енгізу де қажет болар.

Осы бағытта ең маңыздысы: қалыптасқан қиындықтар мен мәселелерге қарамастан Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығы барлығымызға жаман емес қызметтер атқарды. Жаңаны құруға әрекет жасай отыра қол жеткізгендерді жоққа шығаруға болмайды деп есептеймін.

Келесілерді ашық айта аламын: маған басшылары тығыз ынтымақтастыққа дайын емес дейтін және де өзара шиеленістік қатынастағы елдерді ЕАО-нан тысқары ету туралы идея ұнамайды. Мұндай шешім олардың арасындағы қалыптасып отырған жағдайды шеше алар ма екен. Біз сізбен бірге олардан оқшаулана алмаймыз. - тарихи тағдырларымыздың ортақтығы біздің халықтарды өзара байланыстырған.

Яғни, Достастық елдері жетекшілерінің алдағы қыркүйектегі кезекті кездесуінде барлығымыз бірлесе отыра интеграциялық істерді алға қарай

жылжыту мәселесін аса терең тұрғыда қарастыру керек деп есептеймін”[11] –деген пікірін білдірген. Еуразия Одағының болашағына деген осындай ойлар сол мерзімдегі Ресейдің тағы дасқа мемлекет және қоғам қайраткерлері тарапынан да орын алды. Мысалы 1994 жылғы Ресей қорғаныс министрі П.Грачевтың: “Қазіргі күнгі интеграциялық бірлестік, өзінің мүмкіншілігін толық атқарып болмаған Достастықтың болуын ескере отыра болашақтағы оған балама ТМД елдері мәселелерінің бір бөлегін ғана шешетін Еуразиялық Одақты негіздеу, біздің пікіріміз бойынша әлі ерте сияқты”[12]-деген бір жақты қорытынды дәлел болатын сияқты.

Ал, сол мерзімдегі Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының орынбасары А.Шохин өзінің Б.Ельцинге жазған ресми хабарламасында: «Соңғы уақыттарда Қазақстан Президенті Н.Назарбаев өзінің пікірі бойынша ТМД-ғы интеграциялық құбылыстарды күшейтуге бағытталған бірқатар ұсыныстарын баяндады. Сәуір айында ол Еуразия Одағын құру туралы ұсыныс жасады. Шілде айында Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан Президенттерінің Алматыдағы бас қосуында Орталық Азиялық Одағын құру туралы шешім қабылданды. Тамыз айында Қазақстан Президенті мемлекеттер басшыларының кеңесінде Достастық ішінде және одан тыс жағдайындағы жаңа интеграциялық мәселелер қоятындығы туралы мәлімдеме жасады»[13],- деген деректер келтірді.

Қысқа мерзім ішінде Еуразия Одағы туралы бастаманы талқылау ТМД елдері саяси орындарымен қатар, қоғамдық ұйымдарда, ғылыми орталар мен бұқаралық ақпаратта орын ала бастады. Алғашқылардың қатарында “1994 жылдың қыркүйек айында Алматыда: “Евразия кеңістігі: ықпалдастық мүмкіндіктері және олардың жүзеге асуы” деген тақырыпта ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Оған Достастық елдерінің барлығынан мемлекет, қоғам, саяси қайраткерлері, ғалымдар, бұқаралық ақпарат өкілдері қатысты. Конференцияға қатысушылар өздері қабылдаған қорытынды құжатта: “Мемлекеттердің Евразия Одағы” идеясын және басқа ықпалдастық жобаларын пайдалана отыра, ТМД-ға ықпалдастық мүмкіндіктерін бекіте түсу жолында қадамдар жасауды ұсынды. Демократиялық реформалардың халықаралық қозғалысы ТМД мемлекеттері басшыларының Мәскеудегі кездесуіне “Евразия Одағы болуы керек” деген үндеу жолдады. Онда тәуелсіз мемлекеттердегі алпыстан астам ұжымдық қатысушылары атынан Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың бастамасын қолдау қажеттігі айтылды: “Бүгін ТМД-ның бұл қалпында өмір сүре алмайтындығы анықталып отыр. Ынтымақтастықтың жаңа түрлері, экономикалық, қорғаныстық, дипломатиялық, экологиялық жаңа шарттар жасасуы қажет. Олардың қызметін жүргізетін бірлескен ұйымдар құру керек. Ол ғасырлар бойы қоян-қолтық өмір сүріп, бір-біріне қолдау көрсетіп келе жатқан халықтарға қажет”. Демократиялық реформалардың халықаралық қозғалысының бастамасымен ұйымдасқан “Жаңа келісімге” атты форум Евразия Одағын құруды толығымен қолдады. 1994 жылғы 18 маусымда өткен “Евразия қауымдастығы: әр

алуандықтан туындайтын тұтастық” атты конференцияға бұрынғы кеңестік кеңістіктегі 30 партия мен 60 қоғамдық қозғалыстың өкілдері қатысты. Олар халықтарға, парламентшілерге, мемлекет басшыларына үндеу қабылдап: “Біз Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев жасақтаған Евразия Одағы жобасын қолдаймыз және мемлекет басшыларын оған өз халықтары мүддесі тұрғысынан қарауға шақырамыз” [4.125-127],- деген мәлімдеме қабылдады.

Н.Ә.Назарбаев қол қойған Еуразия Одағының Бағдарламасында : «ЕАО жобасын іс жүзіне асырудың кезеңдерінің бір,-Орталық Азия Одағын қалыптастыру мен оны дамыту болып табылады. Мысалы, азаматтық мәселесін ешқандай тоқтаусыз шешуді, жылжымайтын мүлікті сатып, оны келесі мемлекет территориясынан алу мәселесін іске асыруға арналған келісімдер жасалып, бұлар адамдардың мекендерін ауыстырған кезеңдегі психологиялық бөгеттерді жеңулеріне жағдай жасайды. Әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық мәселелері шешілуде. Әсіресе Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстан арасында қабылданған құжаттар ТМД талаптары негізінде қалыптасқан, оның қызметіне қайшы келмейтіндігін атап айтқым келеді. Сондықтан да басқа мемлекеттерге де есік ашық. Яғни, аймақтық ынтымақтастық ТМД-ны нығайтудың және де ынтымақтастықты одан ары дамытудың тағы да бір нақты белгісі болып табылады»[4.129-130],-делініп, Еуразия Одағының тарапынан атқарылатын маңызды міндеттер сараланды.

Аталған Еуразия Одағының құрылуы, оның қажеттігі туралы баяндай келе Н.Ә.Назарбаев: «Көптеген болмай қоймайтын қиындықтарға қарамастан біз өзіміздің қозғалысымызда айтулы алға басушылыққа жетістік, әсіресе өткен жыл ауқымды интеграциялық қуаттылықтармен ерекшеленді. Бұл нақты көрінісі іс жүзіне асырылған экономикалық одақ құруға әкелген экономикалық ынтымақтастық құрумен айғақталды, Мемлекеттер аралық экономикалық комитет, Мемлекеттер аралық экономикалық сот жұмыстарына кірісті, Ынтымақтастықтың тағы да басқа институттары да қалыптасып, жұмыс істей бастады. Белсенді интеграциялық, солардың қатарындағы Ресей-Беларусь-Қазақстан арасындағы өзара байланыс аймақтары пайда болғандығын айтуға болады. Бұл құбылыстар оның алдында Өзбекстан, Қазақстан және Қырғызстан арасындағы орталықазиялық аймақта белсенді бастау алды. Өткен жылдың соңынан-ақ екі жақты келісім негізінде Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынасты дамытуға арналған маңызды шешімдер қабылданды. Біз азаматтық және әскери ынтымақтастық, кедендік кеңістік, және басқа келелі саяси экономикалық мәселелерді шешудің жолдарын айқындадық. Біздерге осындай істер, соның ішінде азаматтық бұл істерді ТМД шеңберіндегі екі жақты және көпжақты тұрғыда шешудің жолы ретінде қарауға болатын сияқты» [14],-деген дәлелдер келтірді.

ТМД-мен салыстырғанда неғұрлым атқарар міндеттері айқындалған Жаңа



Экономикалық Одақ туралы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тәуелсіздік дәуірі» атты кітабында: «Мен ортақ экономикалық кеңістік құруды және бірлескен қорғаныс саясатын қамтамасыз етуді қашанда жаңа бірлестіктің шешуші міндеттері деп есептедім. Сондай-ақ, жаңа одаққа енетін барлық елдердің тәуелсіздігі мен ішкі мемлекеттік саяси құрылымы бір-бірінің ішкі шаруасына араласпау принципіне негізделген.

1994 жылдың қазанындағы түркітілдес мемлекеттер басшыларының Ыстанбұл саммитіндегі менің сөзім дәл осы мәселеге арналды. Мен онда шығыс Еуропадан Қытайға дейінгі аймақтағы әртүрлі елдер қатыса алуы үшін, одақтың форматын өзгертуді ұсындым.

1994 жылдың 13 сәуірінде, мен Шолпан-Атада еуразиялық бастамамен сөз сөйлегеннен кейін бір айдан соң Өзбекстан және Қырғызстан жетекшілерімен бірге Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қол қойдық. Осылайша, болашақтағы ортаазиялық экономикалық ынтымақтастық құқықтық негізге ие болды. 1995 жылдың қаңтарында қазақстан, Ресей мен Беларусь Кеден Одағын құру туралы келісімге қол қойды және ынтымақтастықты одан ары тереңдету бағдарламасын қабылдады»[15],-деп жазды.

Қазіргі көптеген мемлекеттер мен халықтардың ғасырлар бойғы өмір сүру мекеніне айналған Еуразия өңірінің тарихына шолу жасайтын болсақ, «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бастаушысы болып отырған Еуразия Одағы ынтымақтастығы жайдан-жай көтеріле салған мәселе емес. Еуразия аймағы халықтарының тарихы өз кезіндегі бірлестіктердің, қауымдастықтардың мысалына бай. Атап айтқанда, осы аталған өңір халықтарының өзара тығыз экономикалық, саяси, тіпті соғыс одақтары ерте заманнан бері қалыптасып, өз уақытында аймақ халықтарының дамуына игі ықпал еткен. Егерде тарихи мәліметтерге жүгінетін болсақ, бұл өңірде Кеңес Одағының негізін құраған славян және түркі халықтарының ортақ ата-бабалары мекендеп, өмір сүрген. Олар өзара одақтас, тарихи тамырлас мемлекеттер бірлестігін құрған. Аталған бірлестіктер үнемі де тарих сынынан ойдағыдай өтіп отырған. Яғни ХХІ ғасырдағы осындай одақтың қажеттігі Елбасының тереңнен саралап, талдау жасауынан туған бастама екендігі белгілі.

Ата-бабалары өзара тығыз қарым-қатынас орната отыра шаруашылықтық мәселелерді шешкен, сауда байланыстарын орнатқан, мәдени, тілдік араласуды іске асырған, сыртқы жауға қарсы соғыс одақтарын құрған, нәтижесінде қиындықтардан аса білгендігі де осындай ынтымақтастықтың әсерінен болғандығы белгілі. Яғни, өзара қимыл,, бір-бірлеріне жәрдемдесу олардың уақыт сынынан ойдағыдай өтіп, одан ары дамуларына тікелей жағдай жасаған

“Яғни, қазіргі кеңестік жүйеден кейінгі республикалардың, соның ішінде

Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан территориясында негізделген Еуразия халықтарының қалыптасуы, даму тарихы, саяси құрылысы, олардың осы аймақтағы алатын орны, маңызы қазіргі ХХІ ғасыр заманында қандай келелі болып отырса, ол сонау ерте уақытта да сол өңірдегі дамуда маңызды роль атқарғандығы нақты мәліметтермен дәлелденген»[4.130-130].

Яғни, өткен тарихтың өзі Еуразия аймағы мемлекеттері мен халықтарының қазіргі әлемдік жаһандану жағдайында алға қойылатын ғаламдық міндеттерді бірлесе тығыз ынтымақтастықта шешудің қажеттігін көрсеткендей еді. Осындай жаңа талаптар «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Еуразия Одағын құру туралы ұсынысы әлемдік мемлекет жетекшілері, қоғамдық қайраткерлері, халықаралық саяси, қоғамдық ұйымдары жетекшілері арасында қолдау тапты. Баспасөз беттерінде қызу пікір-таластарын тудырды. Осының өзі-ақ бұл бастаманың келелілігін, маңызын айқындап берді. Мысалы “Еуразиялық ілімі соңғы жүз жылдан артық уақыт бойы пайда болды, бәсеңсіді және қайтадан бірнеше рет көтерілді. Алғашында ол ХІХ ғасырдың 70 жылдарында пайда болды (Данилевский, т.б.), одан кейін ХХ ғасырдың 20-30 жылдары (Еуразия ілімін жақтаушылар - ... орыс эмигранттары болды) және соңында ХХ ғасырдың ақыр соңында - Н.Ә. Назарбаев, т.б. интеллектуалдар”- деп көрсетті бұл туралы И.Б.Орлова.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Еуразия Одағын құру жолындағы бастамасы туралы белгілі ресейлік қоғам қайраткері З.Станкевич былай деп жазды: “... біріншіден, Қазақстанның Президенті бүгінгі күні бұрынғы КСРО халықтарының өркениетті (күшпен емес) түрдегі қайтадан қосылуының бастаушысы, саяси тұлғасы болып табылады. Атап айтқанда, оның Беловежск келісімін жасаушылардан ерекшелігі, ол үлкен мемлекетті бөлушілердің қара тізімінде жоқ. Әрине, қайта құру кезеңінің кез-келген көрнекті қайраткері сияқты Н.Назарбаевқа да одақтық мемлекеттің тағдырына байланысты тарихи жауапкершілік жүктеледі. Шындығында да, мәселе КСРО-ны қайтадан құруда емес болатын, керісінше, өзара теңдік, егемендік және территорияның тұтастығы, шекараларға қол сұғылмауы негізіндегі бірлесу еді. 1994 жылдың наурыз айында Нұрсұлтан Назарбаевтың Еуразия Одағын құру ұсынысын қолдайтындығы туралы Ресей Федерациясы Кеңесінің төрағасы Владимир Шумейко мәлімдеді. Ол “Еуразия Одағы КСРО-ны қайтадан қалпына келтіру емес, жаңа тұрғыдағы одақты негіздеу болып табылады”, - деп көрсетті. Мәселе Одақтың Еуразиялық немесе Азияеуропалық болып аталуында емес”, - деп жазды ол. ... Оның пікірі бойынша, жаңа қауымдастықты негіздеу мүлдем басқаша тұрғыда емес, керісінше, ТМД-ның қызмет етіп тұрған құрылымдары, атап айтқанда: мемлекет басшыларының, үкімет жетекшілерінің кеңесі және парламент аралық Ассамблея негізінде құрылуы тиіс.

Оның тұжырым жасауынша, біртіндеп қоғамды басқаратын ұлттық

құрылымдардан жоғары тұратын институттар негізделуі керек “Бұл ұсыныстарды қоғамда насихаттайтын уақыт жетті,-дей келе В.Шумейко,- біртұтас қарулы күштер, біртұтас ақша жүйесін негіздеу, нәтижесінде шекараның қажет болмайтындығы анықталады”, – деген тұжырым жасады...

1994 жылдың наурыз айында Демократиялық реформалардың халықаралық қозғалысының Атқару Комитеті Қазақстанның Президенті Н.Назарбаевтың Еуразиялық Одақ құру туралы бастамасын қолдайтындықтарын білдірді. “Еуразиялық ықпалдастық хартиясы мақұлдаған және көптеген тәуелсіз мемлекеттердің партиялары және қоғамдық ұйымдары қолдаған бұл бастама біздің қоғамымыздың бағытымен сай келетіндігін айта кетуге болады”, - деп көрсетілді ДРХК (МДДР) мәлімдемесінде.

Қозғалыстың атқару комитеті Еуразиялық Одақтың іске асуының жолы екі немесе бірнеше мемлекеттер арасындағы біртұтас парламентті сайлау, экономикалық, қорғаныстық, дипломатиялық экологиялық келісімдер жасау, олардың қызметіндегі бірлескен құрылымдар негіздеуде болып табылады деп көрсетті.

1994 жылдың наурыз айында РФ Президентінің баспасөз хатшысы В.Костиков Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Мәскеуге жасаған сапарының соңында жасаған Еуразия Одағын құру туралы бастамасы маңызды мәселеге айналып отыр деп атады.

... Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Қырғызстанға барған сапарындағы Еуразиялық Одақ құру туралы ұсынысы түсіністікпен қарсы алынды. Осы тұрғыдағы “Еуразия Одағын іске асырудың басты талаптары мен институттарын айқындайтын бастамалар мен ұсыныстар жаңа мемлекетаралық құрылымды іске асыруға мүдделі ТМД мемлекеттерінің жан-жақты ынтымақтасуының одан ары қалыптасуы мен тереңдей түсуіне қызмет етеді”, - деп көрсетті 1994 жылдың сәуір айында Қырғыз Республикасының (бұрынғы,-Ғ.М.) Президенті А.Ақаев.

Эстония Президенті Леннарт Мери 1994 жылғы маусымдағы Қазақстанға келген сапарында Н.Назарбаевтың Еуразия Одағын құру туралы бастамасы өзіне ұнайтындығын, себебі ол демократия талаптары тұрғысында негізделетіндігін, оның едәуір мерзімнен бергі жұмыс істеп тұрған Еуропалық Одақтың қызметіне сай келетіндігін жариялады

Францияның бұрынғы Премьер–министрі Эдит Крессон Президент Назарбаев ұсынған мемлекеттердің Еуразия Одағын құру бастамасына үлкен қызығушылық танытты. Өзіне Қазақстан жетекшісінің бастамасының жаңашылдығы өте ұнайтындығын мәлімдеді.

1994 жылдың маусымында Мәскеудің және Бүкіл Ресейдің патриархы Алексей II қазақ жетекшісінің біріктіру бастамасына, атап айтқанда Еуразия Одағын құру ұсынысына оңды баға берді»[4.131-132,133,135-136].

Осы мазмұндағы Ресей ресми орындарының мәліметі бойынша: «Әр түрлі объективтік жағдайларға сай Кеден Одағын негіздеу ТМД-ғы өзінің саяси және экономикалық дамуында неғұрлым дайындықпен келген елдер Ресей, Белоруссия және Қазақстан арасында басталды.

1995 жылдың қаңтар айында үшжақты Кеден Одағын құру туралы құжаттар тобына қол қойылды, осы арқылы Достастықтың бірыңғай экономикалық ықпалдастықтың өзегі қалыптасты.

... Негізінен алғанда Ресей, Белоруссия және Қазақстан мемлекеттері арасындағы белгіленген Кеден Одағын құрудың бірінші кезеңінің міндеттерін орындауға арналған жұмыстары аяқталды- бірлескен саудадағы тарифтік және сандық шектеулер күшін жойды, үшінші елдерге қатысты бірыңғай сауда ережесі белгіленді, Сыртқы экономикалық қызметтегі кең ауқымды қамтитын заңнамалықты жақындастыру мен ыңғайлаудағы ауқымды жұмыстар жалғастырылды,. 1995 жылдың екінші жартысынан елдер мүмкіндігінше сенімді бірлескен сыртқы бақылауды қамтамасыз ете отыраотыра ішкі шекарадағы кедендік бақылауды алып тастау арқылы Кедендік Одақты негіздеудің екінші кезеңін іске асыруды бастады» [16]

ТМД шеңберіндегі елдермен қатар «Н.Назарбаевтың ұсынысын Қазақстан халқы да бірауыздан қолдады. 1994 жылдың сәуір айындағы Алматылық Гиллер Институты жүргізген пікір алмасуы дәлелдегеніндей, Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Еуразия Одағын құру бастамасының іске асуына қазақстандықтардың басым көпшілігінің тілектес екендігі айқындалды.

Анықтамалар көрсетіп отырғанындай, Еуразия Одағын пікір білдіруге қатысқандардың 77,6% жақтаған, олардың 70,7% қазақтар және 29,9% басқа ұлт өкілдері болған. Ортақ шекараның толық қажеттілігін сақтау туралы пікірді осы сұранысқа қатысушылардың 89,7%, біртұтас экономикалық бағытты 84,2, бірыңғай сыртқы саясатты -77,1 және біртұтас армияны негіздеуді 75,9% жақтаған.

1994 жылдың қараша айындағы Қазақстан Президентінің ЕАО туралы бастамасына пікір білдіруде қатысқандардың тек 9,1% ғана Еуразия Одағының құрылуына қарсылық білдірген. Қазақстан тұрғындарының басым көпшілігі ТМД көлеміндегі ынтымақтастық құбылыстарды кең көлемде тереңдету мен одан ары дамытуды жақтайды.

Пікір білдіруге қатысқан 1200 қазақстандықтардың жартысына жуығы Ынтымақтастың болашағына сенетіндіктерін білдіріп, оның өздерінің материалдық жағдайларының түбірлі тұрғыда жақсаруымен байланыстырады.

Алайда жалпы алғанда, ТМД мемлекеттері арасындағы бірлескен ортақ түсіністіктің қалыптаспауынан бұл жана экономикалық одақтың өз кезінде

іске асуына мүмкіндік болмады. Бірақ та осы одақ жобасының негізі Қазақстан, Ресей, Белорусия Қырғызстан арасындағы одан кейінгі жасалған кеден одағы шарттарында көрініс тауып отырғандығы белгілі»[4. 138-139].

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында ұсынған сол мерзімдегі ТМД елдерінің шеңберіндегі Еуразиялық Одақ құру туралы бастамасының келелілігі мен қажеттігі үнемі айқындалып келеді. Оған қазіргі, XXI ғасырдың екінші онжылдығы көлеміндегі ТМД мемлекеттерінің тиімділігін дәлелдеген көптеген бірлескен экономикалық шаралары осылармен қатар, Кеден Одағына мүше мемлекеттердің қызметі дәлел бола алады. ТМД-дағы қазіргі күнгі орын алып отырған күрделі саяси, экономикалық қарама-қайшылықтардың шешілмеуі де олардың арасындағы осындай жағдайдан шыға алатын неғұрлым тығыз бірлестіктерге бірігуін қажет етіп отырғандығы айғақ. Ал мұның өзі Достастық елдерінің әлемдік және құрлықтық дәрежелердегі дағдарыстарға, т.б. өзгерістерге ынтымақтаса жауап беру мақсатындағы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Еуразия Одағын құру туралы бастамасының өміршеңдігін дәлелдей түсуде.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың осыдан ширек ғасырдан астам уақыт бұрын ұсынған, оның дұрыстығы мен қажеттігі дәлелденген «Еуразия Одағы» туралы бастамасының тарихи маңыздылығы күн өткен сайын артып келе жатқандығы белгілі.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Архив Президента РК, Фонд 75-Н, опись 1, дело 3038, л.66
2. Архив Президента РК, 5-Н, тіркеме 1, іс 287, л.7
3. Архив Президента РК, Фонд 75-Н, опись 1, дело 3038, л.68
4. Қарасаев Ғ.М., Дүйсен С.Ж., Қалиев Ж.Н. Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев және Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаты (1991-2013 жж.) –Астана «БиКА»БПК, 2018, 406 б.
5. Архив Президента РК, Фонд 75-Н, опись 1, дело 3038, л.66???
6. Внешнеполитические инициативы Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева. Историко- документальное исследование /Нурымбетова Г., Кудайбергенов Р. Выступительные статьи: Селиверстов С.В.-Алматы: “Қазақ энциклопедиясы”2010.-384 с+8 вкл.
7. Архив Президента РК, Фонд 5-Н, опись 1, дело 224, лл.3-4
8. Архив ВП РФ, Фонд 897, опись 1, папка 1, дело 8, лл.20-21
9. Архив ВП РФ, Фонд 897, опись 1, папка 1, дело 5, л.46

10. Архив Президента РК, Фонд 75-Н, опись 1, дело 848, лл.16,17,18
11. Архив ВП РФ, Фонд 897, опись 1, папка 1, дело 7, лл.2-3
12. Архив ВП РФ, Фонд 897, опись 1, папка 1, дело 7, л. 82
13. Архив ВП РФ, Фонд 897, опись 1, папка 1, дело 7, л. 10
14. Архив Президента РК, Фонд 5-Н, опись 1, дело 4798, л.1
15. Н.А.Назарбаев. Тәуелсіздік дәуірі.-Астана, 2017.104-105 бб.
16. Архив ВП РФ, Фонд 897, опись 3, папка 8, дело 7, лл.73-74
17. Архив Президента РК, Фонд 5-Н, опись 1, дело 5885, л.10

***Қарасаев Ғ.М., т.ғ.д., ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты, Нұр-Сұлтан қ.***